**Решение Акционера**
**акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана» и акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

г. Алматы от «25» декабря 2019 года № 19/9

**О некоторых вопросах добровольной реорганизации акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана» и акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

В соответствии с подпунктами 1), 2) и 3) пункта 1 статьи 36, пунктом 4 статьи 83 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», Единственный акционер акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана» и акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости», в лице заместителя Председателя Национального Банка Республики Казахстан Биртанова Есжана Амантаевича и заместителя Председателя Национального Банка Республики Казахстан Смолякова Олега Александровича соответственно, действующих на основании приказа Председателя Национального Банка Республики Казахстан от 17 апреля 2019 года № 184 «О делегировании полномочий по правам акционера», **РЕШИЛ:**

1. Осуществить добровольную реорганизацию акционерных обществ «Ипотечная организация «Баспана» и «Казахстанский фонд устойчивости» на следующих условиях и в следующем порядке:

1) форма реорганизации: присоединение акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана» к акционерному обществу «Казахстанский фонд устойчивости»;

2) наименование присоединяемого акционерного общества: акционерное общество «Ипотечная организация «Баспана»;

3) место нахождения акционерного общества «Ипотечная организация «Баспана» (далее – ИОБ): Республика Казахстан, A05G1D2, г. Алматы, ул. Панфилова, 98;

4) наименование акционерного общества, к которому осуществляется присоединение: акционерное общество «Казахстанский фонд устойчивости»;

5) место нахождения акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» (далее – КФУ): Республика Казахстан, A25D6H8, г. Алматы, пр. Достык, д.136;

6) определить порядок, сроки и цену продажи/размещения (реализации) акций ИОБ и КФУ согласно приложению 1 к настоящему решению.

2. Реорганизуемым акционерным обществам ИОБ и КФУ:

1) составить передаточный акт по состоянию на 00.00 алматинского времени 01 февраля 2020 года, подписать его, оформить решение единственного акционера об утверждении передаточного акта и представить на подпись единственного акционера;

2) подписать договор о присоединении ИОБ к КФУ, предусматривающий соответствующие законодательству Республики Казахстан условия и порядок реорганизации, в том числе согласно приложению 2 к настоящему решению.

3. Уполномочить Председателей Правлений ИОБ и КФУ на подписание и подачу во все уполномоченные государственные органы и организации документов, необходимых для осуществления процедур по реорганизации ИОБ в форме его присоединения к КФУ, а также выполнение иных действий, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

4. Увеличить количество объявленных простых акций КФУ на 50 000 000 (пятьдесят миллионов) акций (с 256 151 840 (двести пятьдесят шесть миллионов сто пятьдесят один тысяч восемьсот сорок) до 306 151 840 (триста шесть миллионов сто пятьдесят одна тысяча восемьсот сорок) акций).

5. КФУ внести изменения в проспект выпуска акций КФУ в связи с увеличением количества объявленных акций и принять меры по их государственной регистрации в уполномоченном органе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

6. Утвердить изменения и дополнения в Устав КФУ, утвержденный решением Единственного Акционера акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» от 22 августа 2017 года №1 (далее – Устав) согласно приложению 3 к настоящему решению.

7. Уполномочить Председателя Правления КФУ:

1) подписать изменения и дополнения в Устав КФУ;

2) известить регистрирующий орган о внесении изменений и дополнений в Устав в порядке и срок, установленные законодательством Республики Казахстан.

8. Аннулировать выпуск 20 413 893 (двадцать миллионов четыреста тринадцать тысяч восемьсот девяносто три) простых акций ИОБ и поручить ИОБ выполнить действия, необходимые для аннулирования выпуска акций ИОБ в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

9. Настоящее решение вступает в силу с даты получения согласия (заключения) антимонопольного органа по вопросам, связанным с реорганизацией ИОБ и КФУ.

| | |
|---|---|
| **Заместитель Председателя Национального Банка Республики Казахстан (от Акционера ИОБ) Биртанов Е.А.** | **Заместитель Председателя Национального Банка Республики Казахстан (от Акционера КФУ) Смоляков О.А.** |
| _______________ | _______________ |

**«Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы**
**және «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы**
**Акционерінің Шешімі**

Алматы қ. 2019 жылғы "25" желтоқсан № 19/9

**«Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамын және «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамын ерікті түрде қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларына, 83-бабының 4-тармағына сәйкес «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының және «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Жалғыз акционері, тиісінше Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының «Акционердің құқықтары бойынша өкілеттіктер беру туралы» 2019 жылғы 17 сәуірдегі №184 бұйрығының негізінде іс-әрекет жасайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Есжан Амантайұлы Біртанов және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Олег Александрович Смоляков арқылы **ШЕШТІ:**

1. «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамын және «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамын ерікті түрді қайта ұйымдастыру мынадай талаптар бойынша және мынадай тәртіппен жүзеге асырылсын:

1) қайта ұйымдастыру нысаны: «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамына «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамын біріктіру;

2) біріктірілетін акционерлік қоғамының атауы: «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы;

3) «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – БИҰ) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, A05G1D2, Алматы қ., Панфилов к-сі, 98;

4) біріктіру жүзеге асырылатын акционерлік қоғамның атауы: «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы;

5) «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚОҚ) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, A25D6H8, Алматы қ., Достық д-лы,136;

6) БИҰ және ҚОҚ акцияларын сату/орналастыру (өткізу) тәртібі, мерзімдері және сату бағасы осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес анықталсын;

2. Қайта ұйымдастырылатын БИҰ және ҚОҚ акционерлік қоғамдары:

1) 2020 жылғы 1 ақпандағы Алматы уақыты бойынша сағат 00.00-дегі жағдай бойынша тапсыру актісін жасасын, оған қол қойсын, Жалғыз Акционердің тапсыру актісін бекіту туралы шешімін ресімдесін және Жалғыз Акционерге қол қоюға ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта ұйымдастыру талаптарын және тәртібін көздейтін, сондай-ақ осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес ҚОҚ-қа БИҰ-ды біріктіру туралы шартқа қол қойсын.

3. БИҰ және ҚОҚ Басқармасының Төрағаларына БИҰ-ды оны ҚОҚ-қа біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарға қол қоюға және барлық тиісті мемлекеттік органдарға және ұйымдарға ұсынуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-қимылдарды орындауға өкілеттіктер берілсін.

4. ҚОҚ-тың жарияланған жай акцияларының саны 50 000 000 (елу миллион) акцияға (256 151 840 (Екі жүз елу алты миллион бір жүз елу бір мың сегіз жүз қырық) акциядан 306 151 840 (үш жүз алты миллион бір жүз елу бір мың сегіз жүз қырық) акцияға дейін) ұлғайтылсын.

5. ҚОҚ жарияланған акциялар санының ұлғаюына байланысты ҚОҚ акцияларының шығарылымы проспектісіне өзгерістер енгізсін және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды уәкілетті органда мемлекеттік тіркеу бойынша шаралар қабылдасын.

6. Осы шешімге 3-қосымшаға сәйкес «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Жалғыз Акционерінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 1 шешімімен бекітілген ҚОҚ Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

7. ҚОҚ Басқармасының Төрағасына мынадай:

1) ҚОҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қоюға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде тіркеуші органға Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хабарлауға өкілеттіктер берілсін.

8. БИҰ-дың 20 413 893 (жиырма миллион төрт жүз он үш мың сегіз жүз тоқсан үш) жай акциялары шығарылымының күші жойылсын және БИҰ-ға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес БИҰ акциялары шығарылымының күшін жою үшін қажетті іс-қимылдар орындау тапсырылсын.

9. Осы шешім монополияға қарсы органның БИҰ-ды және ҚОҚ-ты қайта ұйымдастыруға байланысты мәселелер бойынша келісімін (қорытындысын) алған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары (БИҰ Акционерінің атынан)**
**Е. А. Біртанов**

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары (ҚОҚ Акционерінің атынан)**
**О.А.Смоляков**